



Ақмешіт

27 желтоқсан
сейсенбі
№103 (1907)
2022 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Президенттің жаңа жылдық шыршасы
аймақ балдырғандарын қуанышқа кенелтті.
«Жаңа Қазақстан – бақытты балалық
шак мекені» атты мерекелік шараға оқу
озаттары, 80-ге жуық аз қамтылған және
көпбалалы отбасылардың балалары,
ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар
мен 7 «Атамекен» балалар ауылының
тәрбиеленушісі қатысты. Сән-салтанатқа
толы шараға 200 бала шақырылған.

Жаңа жыл
мерекесі
қарсаңында сол
жағалау аймағынан
іргесі көтерілген
60 пәтерлі жаңа
арендалық
көпқабатты тұрғын
үйдің кілттері
табысталды.
Салтанатты
шараға облыс
әкімі Нұрлыбек
Нәлібаев қатысып,
баспаналы болған
тұрғындарды жаңа
қоныстарымен
құттықтады.



БАСПАНА – БАҚЫТ КІЛТІ

Өздеріңізге белгілі, соңғы жылдары Сыр өңірінде тұрғын үй құрылысы қарқын алып, қала аумағы әлдеқайда кеңейді. Бұған дейін де мемлекеттік бағдарламалар аясында тапсырылатын үйлермен қатар, жыл сайын апатты жағдайдағы тұрғын үйлердің тұрғындарына арналған баспаналардың құрылысы қатар жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда өңірімізде 40 көпқабатты тұрғын үй құрылысы жүргізілуде, оның ішінде жалғыз үйі апатты жағдайда болуына байланысты кезекте тұрған 500-ге тарта отбасына арналған баспана да салынууда.

Бүгін міне, игі бастаманың жалғасы ретінде тағы да 60 жанұяға пәтер кілтін салтанатты түрде табыстағалы тұрмыз, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ қоныс той иелерін мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Бақберген Досманбетов құттықтаса, қоғам қайраткері, Қармақшы және Жалағаш аудандарының құрметті азаматы Шәкізат Төребаев ақ батасын берді.

Мереке қарсаңында тамаша тартуға ие болған тұрғындардың қуанышы шексіз. Олар мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан көмекке ризашылығын жеткізіп, облыс басшылығына алғыс білдірді.

Соңғы жылдары Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналды. Мәселен, аймақта жыл басынан бері қаржыландырудың барлық көздері есебінен 604 мың шаршы метр тұрғын үй, оның ішінде, бюджет қаржысы есебінен Қызылорда қаласында СПМК-70 тұрғын ауданында екі 40-пәтерлі және бір 50-пәтерлі кредиттік тұрғын үй пайдалануға берілген. Баянды бастамалар алдағы уақытта да ел әлеуетін көтеруге дәнекер бола бермек.

А.АЙТЖАН

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Сыр өңірінде жаңадан күріш дүкені ашылды. Бұл қызылордалықтар үшін қуанышты жаңалық болып отыр. Себебі мұнда жергілікті өнім халыққа тиімді бағада сатылууда.



КҮРІШТІҢ ТҮР-ТҮРІ БАР...

Сауда дүкеніне қала әкімі Асылбек Шәменов арнайы барып, ашылу салтанатына қатысты.

«Rice Shop Kz» брэнді бар күріш дүкені жобасын «Абай-Дәулет» ЖШС басшысы, белгілі кәсіпкер Мұрат Сәрсенбаев жүзеге асырып отыр. Қай кезде де санға емес, сапаға, пайдаға емес халықтың талабына сай жұмыс істейтін кәсіпкер жергілікті өнім түрінің барлық сортын дүкен сөресінен таңдап алуға мүмкіндік жасап отыр.

Дүкеннің салтанатты ашылу рәсімінде сөз алған қала әкімі жылы лебіз білдірді.

Сыр еліндегі ақжолтай жаңалық – белгілі кәсіпкер Мұрат Абайұлының бастамасымен жүзеге асқан күріш дүкенінің ашылуы. Бұл – өміршең жоба. Жаңа бренд «Rice Shop Kz» дүкені талғамы жоғары қызылордалықтардың жиі келетін орнына айналатынына сенемін. Бұл мақсаттағы жұмыс өз жемісін береді.

Сыр елінің жергілікті өнімі басқа өңірлерге де сатылып жатса аймағымыздың өнімі өрістегенін көрсетеді. Халық сұранысына жауап беретін жаңа нысанның жұмысына сәттілік тілеймін, – деді қала әкімі.

Ауыл шаруашылығы саласында тәжірибелесі толысқан Марат, Мұрат Сәрсенбаевтар бүгінде елмен біте кайнасып еңбек етіп, аймақтың дамуына зор үлесін қосып келеді.

Бұл көптен ойда жүрген жоспар еді. Бүгін соның сәтті жүзеге асып жатқан күні. Жасалған жұмыстың нәтижесін халық көріп, ризашылығын білдіріп жатса мақсатымызға жеттік деп есептейміз, – дейді кәсіпкер Марат Сәрсенбаев.

Компания алдағы уақытта да ел игілігі жолында жүзеге асыратын жаңа жобаларымен Сыр жұртшылығын қуанта бермек.

Мүсілім ШАЙДУЛЛА

ШАТТАНСА, БАЛА, ШАТТАНСЫН!

Салтанатты шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мемлекет басшысының бүлдіршіндерге арналған жаңажылдық құттықтауын жеткізді.

– Ұлағатты ұрпағымыздың лайықты өмір сүруіне, өсіп-өнуіне ықпал ету, жақсы білім алуына жағдай жасау – біздің басты мақсатымыз.

Бүгінгі күні облыстағы 677 балабақшада 60 мыңға жуық бала тәрбиеленуде. Биыл 19 балабақша, 6 мектеп, ал Жалағаш ауданында 250 орындық оқушылар үйі пайдалануға берілді.

Дарынды балаларды қолдау мақсатында Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданынан 150 орындық 2 мектеп-интернаты ашылды.

2 БЕТТЕ



Қоян жылы көпбалалы аналар үшін жағымды жаңалықтармен басталмақ. Елімізде жәрдемақы мөлшері артып, балалар несібесі арта түспек. Бұл жаңалық төрт және одан да көп баласы бар аналарды қуантқаны рас.



ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ АНАЛАРҒА ШАПАҒАТЫ

Елімізде 2023 жылы жәрдемақылар мөлшері ұлғаяды. Сондай-ақ айлық есептік көрсеткіш пен төменгі күнкөріс шегінің өсуіне байланысты елде әлеуметтік көмек мөлшері өзгереді. Мәселен елімізде айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 1 қаңтардан бастап – 3 450 теңге деп есептеледі. Ал 40 567 теңге ең төменгі күнкөріс шегі деп бекітіледі. Одан бөлек ең төменгі жалақы 60 000-нан 70 000 теңгеге артады.

Сонымен қатар көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақының мөлшері де бекітілді. Төрт балалы анаға – 16,03 АЕК немесе 55 303 теңге, бес балалы анаға – 20,04 АЕК немесе 69 138 теңге, алты балалы ана үшін – 24,05 АЕК немесе 82 972 теңге, жеті балалы анаға – 28,06 АЕК немесе 96 807 теңге, сегіз балалы ана үшін – 32 АЕК немесе 110 400 теңге беріледі. Одан кейінгі балаларға 4 АЕК, яғни 13 800 теңге қосылып отырады. Демек, үйінде он баласы бар отбасы 138 000 теңге алады.

Келер жылдың тағы бір жағымды жаңалығы, бала күтіміне берілетін жәрдемақы жарты жылдан бір жарым жасқа дейін ұлғайтылады. Ал 2022 жылы дүниеге келген балалардың жәрдемақысы автоматты түрде алты айға созылады.

Айтқалың АЙТЖАНОВА

Баспасөз-2023

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса,
мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.



ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ЖАЗАСЫ ҚАТАҢ

Елімізде жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегетіндер көбейуде. Бұл жөнінде ақпарат құралдарынан естіп те, көріп те жүрміз. Әлем елдерінде белен алған тұрмыстық зорлық-зомбылық біздің елімізде де өзекті мәселеге айналды. Отбасындағы жанжалдың кесірінен бала мен ана өміріне қауіп төнген жайттар да кездесіп жатыр. Сондықтан да бұл мәселеге қоғам алаңдаулы. Алаңдайтынымыздың да жөні бар. Әлеуметтік желіні ашсақ отбасындағы ұрыс-керістің кесірінен жағымсыз жайтқа тап болғандар жиілеп кетті. Сондықтан да отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды. Бұған көзіміз жетіп отыр.

Мәселен, қылмыстық статистика соңғы үш жыл ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша әлім-жеттік көрген әйелдердің көрсеткіші 25 пайыздан асқанын көрсетеді. Ішкі істер министрлігі соңғы он жылда отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстық істің күрт

көбейгенін мәлімдейді. Әсіресе елдегі пандемия кезінде тұрмыстық жанжал көрсеткіші 41,7 пайызға өскен. Оның ішінде отбасылық жанжалдан бастап, әйелдерге ерінің тарапынан қысым көрсетіліп, тіпті бала-шағасымен қоса өртеп жіберген жағдайларды естіп жүрміз.

2 БЕТТЕ

ШАТТАНСА, БАЛА, ШАТТАНСЫН!



Мемлекет басшысының бастамасымен 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте білім алуына жағдай жасау мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Осының нәтижесінде алдағы 3 жылда облысымызда заманауи 21 мектеп салынады. Дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп интернатының құрылысы басталады. Бұл – ел келешегі балаларымыз үшін жасалған үлкен қамқорлық, айрықша қолдау! Мерейлі жыл белесінде жеткіншектеріміздің рухани-мәдени дамуын назардан тыс қалдырған емеспіз, – деді аймақ басшысы.

Шыршаға келген балалар ойын ойнап, ән шырқады, театрландырылған қойлым

Айтқалқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Басы 1-бетте

тамашалады және естелік сыйлық алды. Сондай-ақ мейрам қонақтарына арнайы фотосессия ұйымдастырылды.

Асыға күткен мерекелік шараға балғындар түрлі дайындықпен келгені байқалады. Олардың жаңажылдық костюмі өздеріне жарасып-ақ тұр. Бүлдіршіндер сан алуан ойыншықпен безендірілген шыршаны ерекше қуанышпен айналып жүр. Ортаға шақырылған Аяз ата мен Ақшақар қоржынын әртүрлі тәттіге толтыра келген. Әсем ән, жаңа жылдық би бүгінгі мерекені шыршайын келтірді. Шаттанса, бала шаттансын, деген сондай-ақ болар.



Тарих қойнауына тағы бір жылды артқа тастап, Жаңа жыл жақындап қалды. Бұл мерекенің шыршайын келтіретін жаңа жылдық шырша екені белгілі. Қалыптасқан дәстүрге сай облыс орталығында жаңа жылдық шырша шамы жағылды. Түрлі-түсті жарық шамдармен безендірілген шырша орталық алаңға ерекше сән беріп тұр. Оның биіктігі – 25 метр, ені – 11 метр. Бұл көріністен жаңа жылдың жақындағаны сезіледі.



ШЫРША ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ



Сыр елінің бас шыршасын жағу рәсіміне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты. Мерекелік шарада ертегілер кейіпкерлері көрермендерге тамаша көңіл-күй сыйлап, кішкентай айтыскерлер, «Бал-бала» теле-байқауының жүл-

дегерлері Сырым Баскар мен Еркеназ Өмірбекова суырып салма сөз өнерімен жиналған халыққа керемет күй сыйлады. Аймақ басшысы тұрғындарды Жаңа жыл мерекесімен құттықтады.

– Биыл барлық макро-

экономикалық көрсеткіштер бойынша жағымды оң динамикаға қол жеткіздік. Соңғы бес жылда мұнай кен орындарының және уранның нарықтағы сұранысының азаюына байланысты өндіру көлемінің

төмендеуіне қарамастан аймақ экономикасын жедел әртарап-тандыру мен өңдеу өнеркәсібінің дамуы мақсатында қабылданған шешімдер өзінің жемісті нәтижесін беруде.

Әсіресе инвестиция тарту мен құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша айтарлықтай өсім қалыптасқан. Туған елге жанашыр жерлеріміздің арқасында аймағымызда көптеген жаңа нысанның құрылысы жүргізілуде. Алдағы уақытта да ауқымды жоспарларымыз бар, – деді облыс әкімі.

Облыстың бас шыршасын жағу мәртебесі өңіріміздің мақтаншытары облыстық және республикалық байқаулардың жеңімпазы Шаймұрат Бақтыгүл мен грек-рим күресінен ҚР еңбегі сіңірген спорт шебері Айдо Сұлтанғалиға табысталды.

Мерекелік іс-шара көңілді концертпен жалғасты.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ЖҮЗІҢНЕН КҮЛКІ КЕТПЕСІН!



Қала әкімі Асылбек Шәменовтің қатысуымен жаңа жылдық мерекелік ұйымдастырылды.

Қала әкімінің шыршасына жетім және мүмкіндігі шектеулі балалар, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары шақырылды. Әрбір балаға қала әкімі мерекелік сыйлықтар табыстады.

– Қымбатты балалар, жаңа-жылдық мерекелеріңіз құтты болсын! Сендер еліміздің жарқын болашағысыңдар. Біз сендерге үлкен үмітпен қарап, сенім артамыз. Сендердің жақсы жерде білім алып, үлкен азамат болуларына барлық жағдай жасалады. Жаңа жылда

тілеген тілектерің қабыл, мұраттарың асыл болсын, балақайлар! Бүгін сендердің өз батырларың бар, шырша мерекесіне жаңа жылдық костюмдермен келдіңдер және міндетті түрде орындалуы тиіс ізгі ниеттеріңді ойладыңдар. Бастысы – жақсы оқу және білімге ұмтылу, терең білімнің арқасында ғана байтақ еліміздің лайықты азаматтары ретінде сүйікті қаламыздың дамуына өз үлестеріңді қосатын боласыңдар, – деді қала әкімі.

Аяз ата мен Ақшақар және түрлі мультфильмдегі кейіпкерлер жаңа жылдық қойлымның сәнін келтірді. Жаңа жылдық көрсетілімде бүлдіршіндер тапқак айтып, би биледі.

Олар тек білімімен емес, өнердегі жетістіктерімен көзге түскен.

Тек өздерінің ғана емес, қаламыздың абыройын асқақатқан жас көшбасшылар. Әрқайсысы дара дарын.

Сән-салтанатқа толы мереке қонақтары алдымен театрландырылған бағдарламаны тамашалады. Кейін танымдық қойлымның көрермендерін Аяз ата мен Ақшақар қарсы алып, ойын-сауық әсем шыршаның маңында жалғасты. Жеткіншектер мерекелік тілектерін арнады.

Шара барысында балғындарға қала әкімінің арнайы дайындалған дастарханы тарту етіліп, бүлдіршіндер риясыз алғыстарын айтып жатты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

МӘМС: Келер жылы кім қанша төлейді?

«2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңға сәйкес 2023 жылы ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңгені құрайды. Алдағы жылы МӘМС үшін аударымдар мен жарналардың сомасы қандай? Бұл сұраққа Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызметкерлері Басқаты Исаханбетов жауап берді.

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН – жалақының 3% мөлшерінде. 10 ЕТЖ артық емес немесе 21000 теңге.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, ОНЫҢ ШІНДЕ АҚС ШАРТЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНДЕР – табысының 2%. 10 ЕТЖ артық емес немесе 14000 теңге.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР (ЖК). ЕТЖ-ның 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ы немесе 4900 теңге.

ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН АЗАМАТТАР НЕМЕСЕ БЖТ ТӨЛЕУШІЛЕР. Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындары үшін БЖТ көлемі 1 АЕК құрайды, яғни 3450 теңге. Қалған елді мекендердің тұрғындары үшін БЖТ көлемі 0,5 АЕК құрайды, яғни 1725 теңге.

ДЕРБЕС ТӨЛЕУШІЛЕР үшін жарна сомасы да 2023 жылы өзгерді және 3500 теңгені (1 МЗП-дан 5%) құрады.

МЕМЛЕКЕТ 15 ЖЕҢІЛДІК САНАТЫНА КІРЕТІН АЗАМАТТАР ҮШІН ТӨЛЕМ ЖАСАЙДЫ.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтардың жеңілдік санатындағы 1 адамға жарна мөлшері мемлекет жарналарын есептеу объектісінің 1,8% құрайды. Бұл – мемлекеттік статистика саласындағы үкілетті орган айқындайтын ағымдағы қаржы жылының 2 жылының алдындағы орташа айлық жалақы.

Осы орайда отбасындағы әйелдер мен балалардың тұрмыстағы зорлық-зомбылығына қарсы елімізде нақты шаралар қолға алына бастады.

Бұл тұрғыда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау керектігін айтқан еді.

– Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Құқық қорғау органдары бұл ұсыныстың дұрыс екеніне күмәнмен қарайды. Себебі мұндай тұрмыстық жағдайларды анықтау оңай емес, яғни осындай оқиғаларды тергеп-тексеру қиынға соғады. Бұл сөздің де жаны бар. Бірақ қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды. Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Алдағы уақытта қабылданатын заң жобасы, тек әйелдерге ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқығы сақталып, тұрмыстағы қысымды болдырмауға көмек болатыны сөзсіз.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа көбіне қоғамның әлсіз топтары әйелдер мен балалар немесе қарттар ұшырайды. Көп адамның пікірінше, әйел мен күйеуі арасында орын алады дейді. Алайда карт анасы мен әкесін сыйламай, былапыт сөз айтып, ұрып-соғатын жайттар да өкінішке орай болып жатыр.

Атап айтқан жөн, жаңа жылдан бастап ішкі істер министрлігі отбасылық және зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатады. ІІМ басшысы Марат Ахметжановтың айтуын-

Басы 1-бетте

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ



ЖАЗАСЫ ҚАТАҢ

ша, тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылықты арызсыз анықтау енгізіледі.

– Бұл полицияға жәбірленушінің өтінішінсіз тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау фактісі бойынша әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қозғауға мүмкіндік береді, – деді министр.

Сонымен қатар зорлық-зомбылық қайталанған жағдайда, тараптар сотта таталаса алмайды.

Бұдан бөлек кінәлі адамды әкімшілік қамауға алудың нақты мерзімдері бекітіледі. Қазір он тәулікке дейін ғана болса, енді 10, 15, 20 тәулікке қамауға алынады. Қайталанған құқықбұзушылықтар үшін әкімшілік қамауға алу мерзімі 20-дан 25 тәулікке дейін

ұзартылады. Министрдің айтуынша, осы түзетулер мүдделі мемлекеттік органдармен келісілді. Қазір олар президент әкімшілігінің қарауында жатыр.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан зорлық-зомбылық әрекеттері бізді қатты толғандыруы тиіс. Себебі әрбір ата-ана баланың өсіп-өнуіне, тәрбиесіне жауапты. «Баланың теріс қылықтары отбасындағы зорлық-зомбылықты көріп өскеннен басталады», – дейді мамандар.

– «Қамқорлық» дағдарыс орталығына аналар отбасылық, тұрмыстық кикілжіңнен, зорлық-зомбылықтан күйзеліске ұшырып, тығырыққа тірелген соң келеді. Күнделікті қүйбең тірліктен де әйелдің жүйкесі сыр

береді. Күйзелістегі адам ішіндегі ашу-ызасын, ренішін бірінші кезекте өзінің жақындарынан алады. Сол себепті көптеген ана балаларына жекіп сөйлеп, қол көтеріп, баласын өзіне бағындырады. Ұрып-соғуды тәрбие құралына айналдырып алған. Бұл балаларға кері әсер етеді. Сондықтан отбасындағы зорлық-зомбылыққа көңіл жүре беруге болмайды. Мұндай жағдайда әйелдердің барлығы құқық қорғау органына барып шағымданбайды. Әсіресе қазақ отбасындағы әйелдер зорлық-зомбылыққа төзіп жүре береді. Кейбір әйелдер сол мезетте ашуын біреуге айтып алады да, әрі қарай сол өмірді сүре береді. Өзгертуге тырыспайды. Олар өз балаларының әкесін жаманатты қылғысы келмейді. Дегенмен оны түсінетін ер адамдар бүгінде сиреп барады. Сондықтан заңның күшейгені де дұрыс болар, – дейді «Қамқорлық» дағдарыс орталығының заңгер-маманы Жанар Алтынбаева.

Зерттеулерге сүйенсек, балалық шағында зорлық-зомбылықты бастан кешкен балалардың денсаулығы нашар болып және өзін-өзі бағаламайды екен. Ал зорлық-зомбылықсыз тәрбиеленген балалар ересек өмірде табысты, сенімді және бақытты адам болу мүмкіндігіне көбірек ие. Ғалымдар зорлық-зомбылықтың салдары қатерлі ісік, диабет, депрессия және тағы да басқа ауруларға әкелуі мүмкін екенін айтады.

Күн сайын қатыгездіктің, зорлық-зомбылықтың күшейіп, жағдайдың ушығып бара жатқанын көз көріп, құлақ естіп отыр. Отбасылық ұрыс-керіс, адамдардың бір-біріне қастандық жасауы азаймай тұр. Бейбіт ел, ынтымағы жарасқан халық болғанымызбен қатыгездік қаптап барады. Үлгілі отбасын құру, жібі түзу жан болу адамның өз қолында емес пе?! Олай болса бір-бірімізге қорлық көрсетуге неге асықпыз?.. Қоғамда зорлық пен қорлық болмасын.

Айтқалқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Алаш арыстарының ішіндегі орны бөлек тұлғаның бірі – Міржақып Дулатұлы. «Оян, қазақ!» деп ұран салған ақын сөз зергері ғана болып қойған жоқ, ол – мемлекеттік деңгейдегі қайраткерлікке дейін көтерілген азамат. Оның Қазақ елі үшін жасаған еңбегі ұшан-теңіз.

Міржақып Дулатовтың ақындығы, жазушылығы, қайраткерлігі, елдік мүдде жолындағы күрескерлігі, туған жері, өскен ортасы, қаламгерлігі қалың оқырманға белгілі. Ал оның Сыр өңірімен қандай байланысы бар?

Бұған дейін Ахмет Байтұрсынұлы катысты жазған мақаламызда Міржақыптай алыптың аяулы қызы Гүлнәр Дулатованың «Алаштың сөнбес жұлдыздары» және «Шыңдық шырағы» атты естелік еңбектеріндегі мәліметтерді негізге алған едік. Сонда: «Қызылордаға келісімен орналасқан үйіміз Ергали Қасымов төренің үйі болатын – Садовая, 7. Кейін Селиверстова, 17. Үйдің бір бөлігі Байтұрсынұлының отбасына қарайтын да, ал екінші бөлігінде біздер – Дулатовтың отбасы тұратынбыз», – деп еске алған Г.Міржақыпқызы.

Бұдан Міржақып Дулатұлы 1925-29 жылдары Қызылорда астана болып тұрған кезде Селеверстов 17-ші үйде тұрғанын көреміз. Осы жерде өзінің көптеген әдеби туындысын өмірге әкелген. М.Дулатұлының отбасында қазақтың сол заманының белгілі зиялылары тобы, небір майталман ақын-жазушылары мен жезтандай әншілері қонақта болып, осы үйден дәм татып, мәжіліс күрсе керек. Атап айтсақ, Назипа Құлжанова, Лияс Байменов, Серке Қожамқұлов, Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Мағжан Жұмабаев, Әлкей Марғұлан, Смағұл Сәдуақасов, Қошқе Кемелгер, Әлібек, Әуелбек Қоңыратбаевтар қонақта болған. Бұл туралы М.Дулатұлының қызы Гүлнәр Міржақыпқызы естелік кітабында: «Біздің үйде болған кісілерді сағынышпен есіме түсіріп, көз алдымнан өткізіп, тізімін жазып шыққанымда, есімде қалғандары ұзын саны – 114-тен астам екен», – деп еске алады.

Бүгін болмысты, Абайдың тілімен айтқанда «толық адам» деп кімді айтамыз дейтін болсақ, мен бірден Алаш арыстарын, соның ішінде Міржақып Дулатұлын айтар едім. Оның бірнеше себебін келтіруге болады. Алаштың ақ семсер арыстарының бірі саналатын Міржақып Дулатұлының қым-қиғаш тағдыры, өмір сүрген уақыты Қазақ даласындағы дүние дүрбелеңіне тура келді. Мүмкін, бұл оның бағы да шығар... Өмірін елге арнады, жүрегін кернеп шыққан жырларында да қазақты сипат басым. Тағдыры тұлғаның Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш майданының алдыңғы шебінде жүргенінің өзі оны нағыз қайраткер ретінде тауға мүмкіндік береді.

«Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш, Емесің жемісі көп тамаша ағаш. Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі – Пайдалан шаруана жараса, алаш!» – деген өлең жолдарынан Міржақып Дулатұлының өзін халықтан төмен санайтынын, ойпаң жерге біткен аласа ағашқа теңегенін көруге болады. «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі» деген жолдан Міржақыптың ел үшін еңбек етуді бақыт санағанын көреміз. Біздің жоғарыда айтқан сөзімізге осы бір шумақтың өзі-ақ дәлел десек, артық айтқандық болмас. Дегенмен Әлиханның ең сенімді екі серігінің бірі болған Міржақыптың атақты «Оян, қазақ!» өлеңі түбі бір түркі халықтарының ұранына айналғаны белгілі. Заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбеков, «Оян, қазақ!» – бұл сөздің күдіреті де қасиеті де сол – осы отты өлеңнің жарық көргеніне ғасырдан астам уақыт өтсе де, сол қаны тамшылаған өзекті күйінде қалып отырғандығы, бүгінде қазақ байтағын індеттей жайлаған бойкүйездік, самарқаулық, жалқаулық, еріншектік, қысқасы, ұлтымызды ұлық істерден кері тартып отырған барша кесапаттарды тап басып айта білген, содан арылуға үндейді, намысқа шақырады. Сондықтан да тағы да «Оян, қазақ!» – деген пікір білдіреді. Енді осы өлеңнен мысал келтірейік.

«Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, аял хал боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты».



Сол тұста ат төбеліндегі ғана қазақ оқығандары қаламды қару етіп, ел болашағы үшін зиялы түрде күрес жүргізді. Өзіндік биігімен тарихта қалған, қазақ әдебиеттану және қазақ тіл ғылымдарының негізін қалаған Ахмет



Байтұрсынұлов саяси ұйқыда жатқан халықты ояту үшін «Масасын» жазады. Алаштың Әлихан Бөкейханов деген Әлихан Бөкейханов орыс газеттеріне қазақ жерін қалай болса солай тартып алып жатқан, бұратана санап, езгіде ұстауды көздеген патша саясатына қарсы мақалалар жазды. Небәрі 27 жыл өмір сүрген Сұлтанмахмұт Торайғыров «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» деп тебіренді. Ал Міржақып болса өз замандастары секілді ұн қатып «Оян, қазақ!» деп ұран салды. Оның «оян» идеясы түгел түркінің ұстанымына айналды. Түрік халқының реформаторы, саясаткер Ататүріктің «Оян, түрік!» деп ұрандауының түп-төркінінде Міржақыптың өлеңі жатыр. Оны бүгінде түрік ғалымдарының өзі де мойындайды.

Руханият пен ізгілікті қаруына айналдырған қайраткерлердің қатарында болған Міржақып Дулатов ұлттық-демократиялық мемлекет құрудың жолын қарастырған тұлғаның бірі еді. Міржақыптай қайраткер өзге де Алаш арыстарындай өз өмірі мен амандығынан бұрын елдің бостандығын, ұлттың дербестігін бірінші



кезекке қойды. Ол Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан сынды алыптармен бірге «Қазақ» газетін шығарған. Бұл газет 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылманың ретінде белгілі. «Қазақ» газетінің сол кездегі қоғамды оятуға, саяси ұйқыда жатқан халықтың санасына сілкініс жасауға қосқан өзіндік үлесі бар. Тарихшы Мәмбет Қойгелді еңбектерінде Міржақып Дулатұлы туралы: «Ол өте жылдам әрі өте өткір тақырыптарды жазған. «Қазақ» газеті сондай сапада, сондай биіктен көрінуіне, меніңше, бірден-бір Міржақып Дулатұлына қарыздар. Жалпы Міржақып Дулатұлы қазақ журналистикасын жаңа сапаға көтерген адам» – дейді.

Негізінен Міржақыптың газет-журналға деген көзқарасы ерекше еді.

«Білесіз дүние жүзі толған халық, Олардың арасында бар көп парық. Алты айлық алыс сапар аралары, Тұрады бір-бірінен хабар алып. Шашатын сол хабарды газет-журнал, Хал-жайын, шаруаларын түгел жазып. Жетеді күн батысқа жұмасында, Оқиға күн шығыста болған анық. Һәр жұрттың күзетшісі, көз-құлағы, Айнадай оқушыға бәрі жарық. Болса егер қауіп-қатер, жау менен жүт Білгізер күні бұрын еске салып», – деп тебіренеді.

1909 жылы Міржақыптың тұңғыш өлеңдер жинағы Қазан қаласында «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады. Қазақ қоғамы ішінде рухты өлеңнің ықпалы өте әсерлі еді. Алашорда үкіметі тарихи сахнаға шыққан 1917 жылы Міржақып үкіметтің белді мүшесі, ұлттық мемлекеттіліктің бағдарламасын жасаушылардың бірі болды. 1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс зардабын тартып, қырғынға ұшыраған елге көмектесу мақсатында Семей «Жанар» жәрдем қорын құрды. 1921-1922 жылы қазақ даласын ашаршылық жайлағанда Міржақып Дулатұлы мен Жүсіпбек Аймауытов бірнеше айда 15 мың бас ірі қара жиып, үлестірді. Алаш арысы Міржақып Дулатұлының ұлтқа деген жанашырлығын кеңестік үкімет түсінбеді. 1928 жылы ол қамауға алынып, екі жылдан кейін ату жазасына кесіледі. Кейін сот үкімі

1924 жылы Орынборда «Қирағат кітабы», Қызылордада «Есеп құралының» жаңа басылымы жарық көреді. Кейін бұл оқулықтар үш-төрт жыл сайын басылып тұрған. Ал енді осыған журналистік, аудармашылық қызметті қоссақ, тынымсыз еңбекпен өткен ғұмырын айқын елестетеміз. Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Ақмарал Олжабаева: «... Бір ғана 1925 жылдың өзінде В.Лениннің «Жаңа үнем саясаты», «1905 жыл төңкерісі» атты еңбектерді аударып, Қызылордада бастырып шығарады. Сондай-ақ 1926 жылдан бермен қарай жарық көрген қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткішін әзірлеген», – деп атап өтеді өзінің «Алашты оятқан «Оян, Қазақ!» атты мақаласында.

Кезінде «Қазақ» газетін шығарушыларының бірі болған Міржақып Дулатұлы Қызылордада журналистік қызметін жалғастырған. Оның бұл жерде көптеген мақаласы басылған. Оның барлығы дерлік ұлт тағдырына, тарихына қатысты десек, артық айтқандық емес. Мәселен, «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 8 шілдедегі №145 санына «Он алтының ойының» атты 1916 жылғы тарихи жағдайдан хабар беретін, ұлт-азаттық көтерілісті негіз еткен мақаласы басылды. Сондай-ақ «Жана мектеп» журналының 1926 жылғы №11-12-13 сандарында «Торғай уезіндегі 1916 жыл уақиғасы» атты «Торғайлық» деген бүркеншік атпен М.Дулатовтың көлемді мақаласы жарияланды. Оның мақаласының басы «Татыр

асыл құндылығы – шежірелер, оның жазбаша нұсқасы өз жалғасын тапты. Ұлтымыздың баға жетпес қазынасын келешекке жазып қалдыруға тырысты. М.Дулатовтың «Қызыл Қазақстан» журналына шыққан «Қазақ-қырғыз тарихы туралы», «Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы» атты мақалаларында қазақ пен қырғыздардың ұқсастайпалар болмағанымен, екеуі екі бөлек этнос екендігін, тарихы мен мәдениетінде, тілінде алшақтық көп екендігі атап көрсетілді. Бұл мәлімет Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының жарышында 2007 жылғы №1(14) санына жарияланған.

Қызылордадағы журналистік қызметін Міржақып Дулатұлы 1929 жылға дейін жалғастырған. Нақтырақ айтсақ, 1928 жылдың желтоқсанында тұтқындалғанына дейін осы қызметті атқарған. Алаш қайраткерінің айдауға кетерінде қызы Гүлнәр Міржақыпқызына: «Есің кіріп қалды ғой сенің, Гүлнәрім. Аңаңа сүйеніш бол. Сабағыңды жақсы оқы. Біздің істеген ісіміз ақ болады. Соған сенемін. Мықты болыңдар», – деп айтқан екен.

Бүгінде Міржақып Дулатұлы жайлы жазылған еңбектер баршылық, әлі де жазыла беруді деген ойдамыз. Өйткені оның өнегелі өмірі мен ғибратқа толы шығармашылығы әлі де зерттеуді, түп-түркіянына үнілуді қажет етеді. «Тенгри нұс» сайтына 2019 жылдың 25 қарашасында Есет Тулештің «Міржақып Дулатұлы неге түрмеден қашудан бас тартқан?»

АЛАШҚА АЛДАСПАН БОЛҒАН МІРЖАҚЫП ҺӘМ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ЕҢБЕК ЖОЛЫ



атты мақаласы жарияланды. Онда: «Дулатұлы екі жылын Бутыр түрмесінде өткізіп, кейін Соловецкий лагеріне жіберілген. Сол кезде дін қызметшісі Павел Флоренский оны танып, ауруханаға фельдшер етіп жұмысқа тұрғызған. Кейін Мұстафа Шоқай оны Франциядан барған сауда кемесі арқылы түрмеден алып қашпақ болған. Бірақ Міржақып кейін отбасына кесірі тиюі мүмкін деп, қашудан бас тартқан» – деген мәлімет келтіріледі. Лагерде жазасын өтеген Міржақып Дулатұлы 1935 жылы ауыр науқастан көз жұмды.

1988 жылдың 4 қарашасында Республика Жоғарғы соты қылмыс құрамы болмағандықтан Міржақып Дулатұлын біржола ақтап, шешім шығарды. Бір айта кетерлігі, Міржақып Дулатұлы дәл Гүлнәр қызының туған күнінде ақталған. Міржақыптанушы Марат Әбсеметов 1990 жылы жанкешті іздену мен саяхат барысында Ресейдің қиырдағы Соловк аралындағы Карелияның Соловецк поселкесінен ақынның қабірін тапты. Бірнеше зерттеу-сараптама негізінде мүрдесінің дәлдігі тұжырымдалды.

Кезінде алаш арыстарының әдеби мұраларын зерттеумен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің арнайы комиссиясы айналысқан болатын. Ал бұл комиссияның белгілі қоғам қайраткері, академик Жабайхан Әбділдин басқарған еді. Қаламгер Жарасбай Сүлейменов Жабайхан ағадан сұхбат алып, жалған жаланың құрбаны болған зиялыларды ақтау жұмыстарының қалай жүргенін республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне жариялады. Осы сұхбатта Міржақып Дулатұлының ақтау үнін материал жинауға қайраткердің қызы Гүлнәр апамыздың көп септігі тигені жазылған. Гүлнәр Міржақыпқызы әкесінің еңбектерін өмір бойы сақтап келген. Оның өлеңдерінен өзі өмір сүрген кезеңнің бет-бейнесін көруге болады.

«Ғазиз басым құтыла алмай жаладан,
Жаудың қолы босамай тұр жағадан.
Жүректі жаншып, жаңға тұскен ауыр тас,
Ашу тасып, тамыр қуып тараған». Бұл шумақтағы оқиға сол кезеңде алаш арыстарының барлығының басынан өткені тарихтан белгілі. Міржақып қоғамның дертіне ем таба алмағанына іштей күйінеді. Жан тебіренісін:

«Ем таба алмай дертіне мен ерден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең неге түсті мұңша, елім-ай?» – деп жырға қосады. Заманы алмағайып болса да келер ұрпаққа жаңа талап қойылып жатқанын өлеңіне арқау етеді.

«Кез болған соң кер заман біздің баққа,
Жау жағағын асырып, міндік атқа.
Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын,
Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа», – деп жүрек тебіренісін өлеңмен өрбітіп, алаштың алдаспанына айналды.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



Биыл қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезовтің туғанына 125 жыл толып отыр. Ұлт тарихында өлшеусіз мұра қалдырған жазушының тұлғалық сипаты әрқашан биік тұғырда болмақ.

КӨРКЕМ СӨЗДІҢ КӨСЕМІ

таныстырған ұлы жазушы. Құнанбайдың кісілігі, дау шешкен көсемдігі өз алдына бір төбе.

Қазақта болған жесір дауы, жер дауы, жетім дауы жазушы дүниетанымынан алыстаған емес. Әр дауды шешудің өзіндік ұстанымы, билер сөзі, үлкенді тындау, сөзге тоқтау, түйінді, кесімді сөз айту – қазақты даралайтын қасиет екенін оқырманға ұқтыра білді. Зере әженің ертегі, жыр, аңыз, мақал-мәтелдерді немерелеріне айтып, халқымыздың ауыз әдебиетімен сусындатып отыруы да ұлттық тәрбиенің көзі.

Сонымен қатар қазақта: «Ұлды тәрбиелесен жер иесін тәрбиелегенің, қызды тәрбиелесен тұтас ұлтты тәрбиелегенің», – деген тамаша тағылым бар.

Олай болса, әйел, ана тақырыбы Әуезов

шығармашылығының биік шыңында тұр.

Әйел теңсіздігін барынша сынап, сол кездегі қоғамның анаға деген әділетсіздігін көрсете білді. Бұл да қазақ ұлтының ерекше құндылықтарды тудырғанының тағы бір дәлелі. Қазақ баласын үш-ақ ауыз сөзбен: «ұят болады, жаман болады, обал болады», – деп тәрбиелеген. Даналығы сонша үш ауыз сөздің мәні мен мағынасы ғасырларға татитын ұлттық сипат алады.

Сондықтан да болар қазақ ұрпағына текті, таза, қайсар, шыншыл, өр деген асыл қасиеттерді тегіген.

Ақнұр ЖЫЛҚАЙДАРОВА,
«Ұлағат» білім ордасы мектебінің
9 сынып оқушысы



АЛАШ АРЫСТАРЫНА

Ұлы ерліктің ұшқыны бар бойында,
Елдік рухы мұқалмаған ойында.
Жыр төгейін деп отырмын мен бүгін,
Қазағымның арыстары жайында.



Елім деген жерім деген сандақтар,
Есімі бар елі, жұрты ардақтар.
Талай уақыт өткен шақта жаңғырды,
Ысырылып тарихи ақтаңдақтар.

Бөкейханов Әлихан қазақтың,
Тудырса деп қазағына ғажап күн.
Жол бастады Алаш ұлын үйіріп,
Өзінен де тайсалмады тозақтың.

Шәкәрімдей ізбасары Абайдың,
Көкейіне ой тастады талайдың.
Ана тілін айбатына балаған,
Ахметті ұлт ұлына балаймын.

Болашақта сенім артқан жастарға,
«Айдан алқа таққан» жырға астарлап.
Мағжан ақын – өлең пірі атанған,
Қарсы соққан қиындықтан жасқанбай.

Міржақып пен Жүсіпбектей алыбым,
Көркем сөзбен кестелеген тәлімін.
Әйел жайын, әйел халін суреттеп,
Ақтара айтқан заманының қалыбын.

Зиялылар, кемелденген заманмен,
Қайыра айтты, қарсыласқан қоғаммен.
Сол үшін де жаза тапқан асылдар,
Жайын қозғап, серік болдым қаламмен.

Есімдерін ұлықтайды жас қауым,
Содан алар жырдың әсем бастауын.
Өмірімен өнегеге айналған,
Заңғарларды ұмытпайық, достарым!

Айзере ИZZAT,
Арал ауданына қарасты Бөген ауылындағы
№20 З.Шүкіров атындағы орта мектебінің
7 сынып оқушысы

ҚАЗАҚТЫҢ МҰЗБАЛАҒЫ



Мұқағали Мақатаев – қазақтың лирик ақыны, аудармашы, жазушы. Мұқағалидің шын есімі – Мұхаммедқали. Оны туғандары еркелетіп Мұқағали деп кеткен. Мұқағалидің әкесі соғыс кезінде қаза тауып, соғыс ауыртпалығын бала кезінен сезінеді. Мұқағали Мақатаев үйінің тұңғыш баласы. Артынан ерген бір қарындасы мен үш інісі бар. Ол кішкентай кезінен әжесінің қолында өсіп, тәрбие алған. Мұқағалидің жыр жинақтары, кітаптары, басқа тілге аударылған өлеңдері, поэмалары да бар. Мұқағали жан сырын айтатын дос таппай, Фариза ақынға өлең арқылы мұның шаққан. «Фариза! Фариза жан, Фариза қыз» өлеңінде ақын өзінің мұның былай жеткізеді:

– Өмірде ақындардың бәрі жалғыз.
Шыдай-шыдай ақыры жалғармыз,

Бірімізден біріміз арылармыз.
Біздерді де жоқтайтын жан болса егер,
Шаң басқан архивтерден табылармыз – деп, өзінің мұның шақса, Отан туралы өлеңінде келешек жастарға жол сілтейді.

– Мұзбалақтар әсте бір,
Өлексеге түспейді.
Олардыкі басқа өмір,
Басқа тірлік істейді.
Самғап күнін өткерер,
Самғамаса кем болар.
Қорек болса көкте егер,
Қонбас еді жерге олар.

Бұл поэма қапыда қолға түскен еркіндік символы іспеттес қыран құсқа арналады. Бұл поэманы халқымыздың біртуар батыры Бауыржан Момышұлына арнау арқылы жазған. Ақын бұл өлең жолдары

МӘШҰР ЖҮСІПКЕ АРНАУ

Есімі жұртқа мәшһүр бабам Жүсіп,
Ілімі көргендік әліппесі.
Иманды, жаны жайсаң,
болған кішік,
Бастаған тағылымы халық көшіні.

Тегінде жатқа қарсы сұсы басым,
Қасиет таң қылады Тәңір берген.

Тайсалған талайларды мысы басып,
Ұрпағы асыл сөздің нәрін терген.

Зерделеп ел тарихын, гүрпын талғап,
Бүгінге өткен күннің кілтін жалғап.
Не заман өтсін, мейлі ескірмейтін,
Зор мұра қалдырыпты жұрттына арнап.

Халықтың әдебиет жауһарларын,
Дастанын, хиссаларын, жер дерегін,
Табиғат құбылысын, тылсын сырын,
Алады қажет деген өз керегін.

Басып тұр ақындығы таразыны,
Ертегі, аңыздары – жан азығы.
Мақал-мәтел, нақыл, жер-су аты,
Ажырамас тұтастық ара жігі.

Неше жылдар сыры мен сыны кетпес,
Сүйегі асыл ақынның үні тектес.
Жауһарлары жадында жаңғырады,
Тектілермен тағдыры күдіреттес.

Аружан ЕРФЕРЗЕНТОВА,
Арал ауданына қарасты Бөген ауылындағы №20 З. Шүкіров атындағы орта мектебінің 10 сынып оқушысы

БАЛА ТІЛІ – БАЛ

Баланың тілі бал болатыны рас.
Олардың әрбір айтқан сөзінен байқамай
сөйлесе де шынайылық байқалып тұрады.
Ересектермен салыстырғанда балалардың
көзімен өмір қызықты әрі өте қарапайым.
Сіздерге кішкентайлардың қызықты диалог-
тарын ұсынғанды жөн көрдік. Бала айтты
демесеңіз, әрбір сөзінде астар бар...

Коронавирус кезінде. 5 жасар Айару:

– Анашым, вирус әкімдерден жүзге ма?

– Жоға, қызым, оны неге сұрадың?

– Садиктегі апайлар әкім келе жатқанда
маска киеді ғой...

6 жасар Нүрсезім:

Анашым, мектепті әкім тексеріп
бармайды екен.

– Оны қайдан білдің?

– Мектепте құмырсқалар
қаптап жүр...



ҚИЯЛЫМ

Қиял мені жетелейді қияға,
Қондырады өлең атты ұяға.
Мазаласа көңілімің күмбезін,
Әкетеді әсерлі мұң ұялап.

Қиял биік,
Қиял асқақ қашан да,
Арманымың асқарынан асам жай.
Көзді жұмып, көкке самғап кетемін,
Ақтарылған ақ парақтан бас алмай.

Қиял ұшқыр,
Қиял жүрек төрінде,
Қиял менің арманымың өрінде.
Жетегінде жүре бермей, іс қылсам,
Жетістікке жетелейді тегінде...
Қиялымды ұштастырсам арманмен,
Болашаққа қадам басам сеніммен.

Марина ШҮМЕН,

Арал ауданына қарасты Бөген ауылындағы
№20 З. Шүкіров атындағы орта мектебінің
7 сынып оқушысы



АҚЫЛДЫ МЫСЫҚ



Ажардың сүп-сүйкімді сары мысығы бар. Ол Ажарға бауыр басқаны сонша, ұйықтаса да жанында жатады. Бірде Ажар сабақтан келіп, асүйден сықырлаған дыбыс естілгенін аңғарды. Байқап қараса, мысық үстел үстінде тұрған тәрелкедегі тәтті тоқашты тістелеп, түсіргелі жатыр екен. Ажар мысықты қақпайлап, түсірмекші болып еді,

мысығы ширақ
к и м л м е н
тоқашты тіс-
теген күйі

есіктен зып беріп, шығып кетті. «Ұрлық жасағаны дұрыс болмады-ау» деген оймен сыртқа шыққан Ажар әлгі мысықтың көршінің ауласында жылап отырған кішкене балақайдан жанына барғанын көрді де, «Енді не қылар екен?» дегенді жайлап бақылады. Міне, қызық, әлгі мысық жанына барған соң балақай жылауын доғарып, тоқашқа қол созды.

Мысық болса еш қарсыласпай, балақайдан тоқашты жегеніне қарап отыра берді. Балақанның қарны ашып-ақ қалыпты. Оны көрген Ажар мысықтың қылығына таңырқалды. «Тамакты ұрлап жеді» деп алғашында қынжылса да, артынан жылаған баланы жұбатқаны үшін жақсы көріп кетті. Сәлден соң анасы келіп баласын көтеріп үйіне кіріп кетті де мысық қалып қойды. Ажар өзіне кінәлі көзбен қараған мысығына қандай шара қолданарын білмей, кешкі ас үстінде анасына айтты. Сол кездегі анасының «Адам баласында тапшы болып жатқан мейірім хайуанда болғаны ғой» деген сөзі Ажарды ойландырып тастады.

Айнара ӘДІЛХАН,
Арал ауданына қарасты Бөген ауылындағы
№20 З.Шүкіров атындағы орта мектебінің
6 сынып оқушысы



ҚАҒАРМАН

Халық қаһарманы Роза Бағлановаға арнау

Әсем ән, ғажап дауыс, сұлу келбет.
Әрқашан әніменен жүрек тербет.
Қан майданда рух беріп сарбаздарға,
Халықта аты қалды Қаһарман деп!

Қаһарман деп мақтап жүрем әрдайым,
Дауысыңа әлем қакты таңдайдын.
Ән айтқанда дауыл тұрып, қар көшер,
Өлемді дүр сілкіндірген қандай үн?!

Мен сізді ойласам, мұң кешемін,
Күндіз күнмен, түнде аймен тілдесемін.
Ізінді жалғастырап ұрпақ біздер,
Мәңгілік жадымызда нұрлы есімің!

Несіне ақын болдым, қалам алып.
Жазбасам тұлға жайлы, таңқаларлық.
Қаһарман ел атаған ерлігі үшін,
Күміс көмей, пах шіркін, танданарлық!

Еңбегінді бағалап, қайран қалам,
Қадірінді білсін деймін әрбір адам.
Роза апа, алдыңызда қарыздармыз,
Әр қазақ сіздей болсын шын Қаһарман!

Сүйінбай ЖҰМАДИЛАЕВ
№172 М.Ергешбаев атындағы орта мектебінің
9 сынып оқушысы, Қызылорда қаласы

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Телефоны 3737 Таспырыс №2186
Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ